

«Шәкәрім атындағы №56 мектеп-лицей» ШЖҚ МКК

1-11 сынып ата-аналарының жиналысының хаттамасы

Хаттама №3

Күні:15.11.2024

Қатысқандар:

1.Мектеп әкімшілігі -4

2.Ата-аналар - 125

Күн тәртібінде:

1. I тоқсан бойынша білім сапасының қорытындысы. Наурызбаева А.Е.
2. Лудоманияның алдын алу жолдары. («Komek Center» психологиялық орталығының басшысы, отбасылық психолог-аддиктолог) Алдажарова Іңкәр Маханбетовна, Жаманқараев Азамат Асылбекұлы
3. Адам папилломасы вирусының адам денсаулығына кері әсері. (Спикерлер: №4 қалалық емхана дәрігерлері) Психолог: Беспаета Айнаш Тоқташбайқызы Болат Гүлдана Болатқызы, Врач зож, Усепбаева Нургул Рахманкуловна врач педиатр
4. Қосымша білім беру

Тыңдалды. Күн тәртібіндегі **1-мәселе** бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары А.Е.Наурызбаева алды. Баяндамашы I тоқсан қорытындысы бойынша қозғалыс есебін және білім сапасының мониторингін таныстырды. I тоқсан бойынша білім сапасы 55,5 пайызды құрады. Өткен жылдың бірінші тоқсанымен (49,6) салыстырғанда 6 пайызға өсім бар. Осыдан соң 5-9, 10-11 сыныптар арасындағы білім сапасын бөліп көрсетті. (Толық №1-қосымшада).

Осыдан соң 9,-11 сыныптар бойынша мемлекеттік қорытынды аттестаттау тәртібімен таныстырды (Толық №2-қосымшада).

2-мәселе «Лудоманияның алдын алу жолдары» тақырыбында «Komek Center» психологиялық орталығының психологтері Алдажарова Іңкәр Маханбетовна, Жаманқараев Азамат Асылбекұлы жүргізді.

Баяндамашылар лудомания себептерін атады. Тез байығысы келу, адамның өзіне өзі көңілі толмауы басты себептері екенін атады. Сонымен қатар ойынға берілген адамды қалай байқауға болатынын, атап айтқанда, ойыншы достарымен кездесуді доғарады, ата-анасымен сөйлеспей кетеді, далаға сирек шығады;

- Түрлі медициналық көрсеткіштер: нашар сыртқы келбет, бас ауруы, депрессия, жоғары қан қысымы, психикамен проблема;

- Қаржылық проблемалар: еш себепсіз қарыз алу, кредит, ұсақ ұрлықтар, алаяқтық және т.б.;

- Психологиялық проблемалар: туысқандар алдында өзін кінәлі сезіну, ұтыс тігу жайлы және оның мөлшері жайлы өтірік айту, ұтылып қалғаннан кейін өзін-өзі аяу және т.б. белгілері арқылы тануға болатынын көрсетті. Лудоман адамға көмектесу жолдарын ұсынды (Толық №3-қосымшада)

3-мәселе мәселе бойынша №4 қалалық емхана мамандары Беспаева Айнаш Тоқташбайқызы, Болат Гүлдана Болатқызы, Усепбаева Нургул Рахманкуловна сөйледі. Адам папилломасы вирусы – бүкіл әлемде өте кең таралған, шырышты қабаттар мен теріге әсер ететін вирустар тобының жалпы атауы екенін, вирустың 200-ге жуық типі белгілі, олардың кем дегенде 13-і обырдың дамуына әкелетінін айтты. Қандай вакциналар қолданылады?

HPV – 6, 11, 16,18 осы 4 түрінен қорғайтын төрт валентті "Гардасил" вакцинасы. Өндіруші: Мерк Шарп және Доум корп. (АҚШ).

Қазіргі уақытта 125 ел ұлттық вакцинация бағдарламаларында қолдануға АПВ вакцинасын енгізді.

Көптеген елдерде вакцинаны қолдану тәжірибесі 10 жылдан асады. (Толық №4-қосымшада)

4-мәселе бойынша қосымша білім беру орталықтарының өкілдері сөз алды. Өкілдер өз орталықтарында қандай үйірмелер бойынша балаларға қосымша білім берілетінін, даму бала сайтына қалай тіркелу, баланы кезекке қою және ваучерді қалай алу жөнінде түсіндірді.

Шешім:

1. Білім сапасы «қанағаттанарлық» деп танылсын. Білім сапасын көтеру бағытындағы ата-ана мен мектептің байланысы күшейтілсін.

2. Лудоманияның алдын алу бағытындағы ақпараттандыру жұмыстары жалғастырылсын.

3. АПВ вирусына қарсы екпе алу бойынша ақпараттық жұмыстар жалғастырылсын. Әлеуметтік желі, буклет арқылы хабарлама таратылсын.

4

Мектеп директорының уақытша м.а

Хатшы

 **Ж.С.Кемелбекова**
 **Д.К.Жунусов**